

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫ
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ ГИМНАЗИЯСЫ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ГИМНАЗИЯ ИМЕНИ ШАКАРИМА»
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА КАРАГАНДЫ
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

100008, Қарағанды қ, Қазыбек би
ауданы, Әлиханов көшесі, 24, тел.:
253533, 253128

100008, г. Караганда, района
им. Казыбек би, улица Алиханова, 24,
тел.: 253533, 253128

БҰЙРЫҚ
01.09.2023
Қарағанды қаласы

ПРИКАЗ
№ *100*
город Караганда

**«Шәкәрім атындағы гимназиясы» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінде тамақтандыруды
ұйымдастыру туралы**


Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қаулысына, Қарағанды облыстық мәслихатының 2020 жылғы 10 желтоқсандағы XLIV сессиясының «2021-2023 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» №588 шешіміне, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» №598 бұйрығына (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 24.05.2021 жылғы №231 бұйрығымен енгізілген өзгерістерді ескере отырып), Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы №ҚР ДСМ-16 «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына, 2023 жылғы 3 тамыздағы №1 жұмыс тобының хаттамасына және Қарағанды облысы білім басқармасының 2023 жылдың 11 тамыз №411 бұйрығы, Қарағанды қаласының білім бөлімінің 2023 жылдың 29 тамыз №385 бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**


1. Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Омарова Б.К.:
 - 1.1. Гимназия оқушыларын тамақтандыру мен қамтамасыз ету жөніндегі құжаттар гимназия директорының назарына жеткізсін.
 - 1.2. Оқушыларды тамақтандыру жағдайы жоспарға сәйкес тексеріліп, қажетті ұсыныстарды мектеп басшыларының назарына жеткізсін.
2. Әлеуметтік педагог Мусина Ж.А.:

- 2.1. 2023-2024 оқу жылында гимназияда ыстық және буфеттік тамақтандыру ұйымдастырылсын.
- 2.2. Аз қамтылған отбасы балалары үшін жалпы оқу қорынан тегін ыстық тамақтануды ұйымдастырсын.
3. Гимназияның бас бухгалтері Жунусова Н.О. қаржының уақытылы меңгерілуін қамтамасыз етсін.
4. Оқушылардың күнделікті тамақтану жағдайын қадағалау гимназия директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – Б.К. Омароваға, медбикесі - К.А. Тажибаеваға жүктелсін.
5. Гимназияда тамақтандыруды ұйымдастыру процесі «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыру ұйымдастыру және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға білім беру ұйымдарында тәрбиеленуші және білім алушы балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылыми министрлігінің 2018 жылдың 31 қазандағы №598 бұйрығына сәйкес ұйымдастырылсын.
6. Гимназия директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.К. Омарова ас блогының паспортын дайындасын және бекітсін.
7. Гимназия тамақтандыруды ұйымдастыру туралы құжаттар заңнамаға сәйкес жүргізілсін.
8. Гимназия оқушыларын қайнатылған немесе тазартылған сумен қамтамасыз етсін.
9. Білім бөліміне айлық есептердің уақытылы өткізілуін қамтамасыз етсін.
10. 1-4 сынып оқушыларына ыстық тамақ берудің ұйымдастырылуын қадағалау директордың ОТЖ бойынша орынбасары Б.Х. Мухамеджановаға жүктелсін.
11. Ыстық тамақ қызметін жеткізуші-өндіріс меңгерушісі Д.Б. Есмагамбетова:
- 11.1. Әлеуметтік қорғалмаған отбасының оқушыларына арналған тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасымен келісілген, мектеп директорымен бекітілген ас мәзірін ұстансын.
- 11.2. Әлеуметтік қорғалмаған отбасы оқушыларын өз есебінен ыстық тамақпен қамту мүмкіншілігін қарастырсын.
12. Ыстық тамақты ұйымдастыру жөніндегі мәселелер 3 айында бір рет директор жанындағы кеңесте тыңдалсын.
13. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау гимназияның әлеуметтік педагогы Ж.А. Мусинаға жүктелсін.


«Шәкәрім атындағы гимназия» КММ директоры  Ахметова А.Н.



Таныстым 
«28» 09 2023ж.

Таныстым 
«28» 09 2023ж.

Таныстым 
«01» 09 2023ж.

Таныстым 
«1» 09 2023ж.